*С.Саттаров атындағы № 57 мектеп - лицейі*



# *Ашық сабақ*

## *Тақырыбы: Сөз таптары. Зат есім*

*Өткізген: Медиева П.Н.*

*Қарағанды – 2012 жыл*

# Қазақ тілі



**Сабақтың тақырыбы:** ***Сөз таптары. Зат есім.***

***Сабақтың мақсаты:***

***1. Оқушыларға сөз таптары, оның ішінде зат есім, зат есімнің жалпы есім, жалқы есім түрлері туралы тереңірек білім беру.***

***2. Сөз таптары бойынша меңгерген білімдеріне сүйене отырып, зат есім туралы түсініктерін дамыту, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, оқушылардың белсенді ойлау қызметтерін жандандыру.***

***3. Қазақ тілінің морфологиялық заңдылықтарын түсіндіре отырып, тілдік- эстетикалық сезімдерге тәрбиелеу, адамгершілік қасиеттерді бойларына датыру.***

**Сөздердің білдіретін мағынасына, түрлену тұлғасына, қойылатын сұрағына, сөйлемде атқаратын қызметіне қарай топталуын сөз таптары дейміз.**

# Сөз таптары

- Зат есім
  - Сын есім
  - Сан есім
  - Есімдік
  - Етістік
  - Үстеу
  - Еліктеу сөздер
  - Шылау
  - Одағай

# Зат есім

Құрамына қарай

- Дара зат есім
  - Бір ғана түбірден тұрады
  - От, ара, қант, оқушы
- Күрделі зат есім
  - Кемінде екі сөзден тіркесу арқылы жасалады
  - Мәдениет үйі, ата-ана

# Зат есім

Жалпылай немесе жекелей аталуына қарай

| Жалпы есім | Жалқы есім |
| --- | --- |
| Мысалы: қала, өзен, тау, кітап, кісі | Мысалы: Алматы, Ертіс, Алатау, Абылай |

# Зат есім

Мағынасына қарай

| Деректі зат есім | Дерексіз зат есім |
| --- | --- |
| Көзбен көріп, қолмен ұстауға болатын заттардың атауы | Көзбен көріп, қолмен ұстауға келмейтін, тек оймен, ақылмен ғана сезіп білетін ұғымның атауы |

# Зат есім

Тұлғасына қарай

Негізгі

Туынды

Жер, су, қала.

оқушы, айтыс, білім.


Зат есім
Заттың атауын білдіреді
Сұрақтары Кім? Кімдер? Не? Нелер?
Адамзат (кім?)
Деректі (нақты)
Ғаламзат (не?)
Деректі (нақсыз)
Жалпы а
Жалқы А

# Оқулықпен жұмыс



*118- жаттығу.*

*Өздерің білетін жалқы есімдерді естеріңе түсіріп, дәптерлеріңе жазыңдар.*

1. **Кісі аттары:----------------------------------------**
2. **Мемлекет, республика, облыс, аудан, қала, ауыл атаулары: ------------------------------------------**
3. **Мекеме, зауыт, фабрика, ұжым атаулары: ------**

**4. Газет-журнал, кітап, ән, күй, шығарма: ------------**

**5. Жер, су атаулары:----------------------------------------**

**Жылқыға, сиырға, түйеге, итке қойылатын аттар:---------------------------------------------------------**

# Шығармашылық жұмыс

“Біздің ауыл” тақырыбына шағын

*әңгіме жазу.*

*Жалқы есім мен жалпы есімдерді*

*қатыстыру, астын сызу.*

# Талдау- табыс кілті

Абайдың ұлағатты сөзін алып, талдау.

Адамның адамшылығы- ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан басталады.

1. Зат есім сөздерді табу.
2. Құрбы сөзіне сатылай- кешенді талдау жасау.

І топ- Құрбы сөзіне  Фонетикалық талдау.

ІІ топ- Құрбы сөзіне Фонологиялық талдау.

# Фонологиялық талдау

Ғылым

- 5 әріп, 5 дыбыс, екі буын бар
- Ғы-лым  тасымалданады
- ғы- ашық буын, лым- бітеу буын
- Екпін соңғы буынға түсіп тұр

Өздерің білетін жалпы және жалқы есімдерді жазыңдар

| Жалпы есімдер | Жалқы есімдер |
|---|---|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |

***ОЙ ҚОЗҒАУ :***

- Географиялық атау –
- Күнделікті тұрмысқа байланысты –
- Өлең атауы –
- Ән атауы –
- Қоғамдық өмірге байланысты атау-
- Кісі атауы –

**Отағасы**

**Сегізаяқ**

**Заттыбек**

**Өнеркәсіп**

**Сарыжайлау**

**Қызылорда**

# Сабақты бекіту

# Семантикалық карта толтыру

| № | *Мысалдар* | *Жалпы есім* | *Жалқы есім* | *Деректі зат есім* | *Дерексіз зат есім* |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | *Әке* | + | | + | |
| 2. | *Мұхтар Әуезов* | | + | + | |
| 3. | *Құлагер* | | + | + | |
| 4. | *Қайғы* | + | | | + |
| 5. | *Достық* | + | | | + |
| 6. | *Домбыра* | + | | + | |
| 7. | *Саудагер* | + | | + | |
| 8. | *Өнер* | + | | | + |
| 9. | *Қарағанды* | | + | + | |
| 10 | *Жігіттер* | + | | + | |
| 11 | *Қызылордалық* | | + | + | |
| 12 | *Дәріхана* | + | | + | |
| 13 | *Әке-шеше* | + | | + | |
| 14 | *Арман* | + | | | + |

# Сабақты қорытындылау.

Зат есім дегеніміз не?



# Үйге тапсырма беру

1. Жалқы және жалпы есімдерге 6 сөйлем құрастыру.
2. Зат есім туралы оқу.
3. «Зат есім» тақырыбына сөз жұмбақ, ребустар құрастырып әкелу.



"5"

"4"

# Оқушыларды бағалау

"3"

"2"

# Назарларыңызға рахмет